

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№27				
<i>Күндері</i>	07.03 - 11.03.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Салт-дәстүрлер және фольклор				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Қурманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; сөйлеуді дамыту мен тәрбиелеуде проблемалары бар балалары бар ата-аналарға арналған кеңестер беру.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.		"Еңбекке баулу" Мақсаты. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.

Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Иллюстрациялық суреттер қарастыру. Мақсаты. "Салт-дәстүрлер" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.		"Түйме" үстел үсті ойыны". Ойын барысы: балалар жұптасып ойнайды. Олардың алдарында екі бірдей түймелердің жинағы жатыр. Әрбір ойыншыда өз ойын алаңы бар – ол тор көзге бөлінген текше. Ойынды бастаушы өз алаңына үш түйме тастайды, екінші ойыншы оны қарап, әрбір түйменің орналасуын есте сақтап қалуы керек.	"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін бекіту, жануарлардың дауысын ажыратуға үйрету. Шарты: бір бала шығып бір жануардың дауысын келтіреді, қалған балалар қай жануардың дауысы екенін ажыратады.	"Дәрігер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: адамның дене мүшелерін дұрыс атауға үйрету. "Мынау не?" сұрағына жауап беру. Шарты: Қуыршақ дәрігер немесе бала дәрігер балалармен амандасады да қолын, басын, құлағын және т. б. дене мүшелерін көрсетуді ұсынады.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Бойынды сергек, тік ұста, Демінді ішке тез ал да. Емін-еркін тыныста. Сол қолыңды соз алға, Қол ұшына қара да. Үшбұрыш сыз ауада. Оң қол да бос тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Үстелден тұрған кезде орындықты ақырын итеру; үлкендерге алғыс айту іскерліктерін жетілдіру; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмдә болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтулары.				
	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	"Бет орамалға лайық жамауларды табу" дидактикалық ойыны. Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.		Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй болып көрінер.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнмен бірге тұрамыз , Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз тұрамыз. Күлім қағып қолымды, 1,2,3 деп соғайын.	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Ойын барысы: үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.
---	--	--	--	--	--

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Дастарханды жаямыз" Мақсаты. Балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру. <i>Дамытушы жаттығу.</i> <i>"Танысаң - ата".</i> Дене шынықтыру "Наурыз келді, алақай!" Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету. <i>"Арқан тарту" қимылды ойыны.</i> <i>Сурет салу</i>		Көркем әдебиет "Ертегілер әлемі". Мақсаты. Ертегілер арқылы тілдерін дамыту, шығармашылығын дамыту, ертегілерді сахналауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз мінездерін салыстыруға үйрету. <i>Дидактикалық ойын:</i> <i>"Қолған".</i> Дене шынықтыру "Наурыз құтты болсын!" Мақсаты. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру. <i>"Ақшамшық" ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Лақтарым менің, айналайын, лақтарым менің!» Мақсаты:Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, Ойын арқылы рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру, шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару, сөз өнеріне,	Құрастыру "Үй салайық". Мақсаты. Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу. <i>"Үй салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Музыка "Наурыз көктем". Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс	Жаратылыстану "Наурыз гүлдері". Мақсаты. Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру. <i>"Бәйшешекті құрастыр" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Наурыз мерекесі келді". Мақсаты. Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. <i>"Арқан тарту" қимылды ойыны.</i>
--------------------------------------	--	--	--	--	--

			шешендікке баулу. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.	орындай білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. <i>"Сүттен жасалатын тағамдарды ата"</i> <i>дидактикалық ойыны.</i> ".	
--	--	--	---	--	--

Серуен	"Көшелер". Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын нақтылау және кеңейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, байқағыштықты дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсаты: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал", "Үшінші артық". Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты лақтыру және қағып алу. Мақсаты: ептілікті, лақтыру қимылын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.		Көгершіндерді бақылау. Мақсаты: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту). Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау.	Көктем кезіндегі аспанды бақылау. Мақсаты: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). Мақсаты: қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз". Мақсаты: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". Мақсаты: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.	Құрылыс жабдықтарын бақылау. Мақсаты: құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). Мақсаты: еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". Мақсаты: белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				

Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Не қалай дыбыстайды?" зейінге жаттығу. - Балалар, қазір суреттер мен дыбыстар шығады, ал сендер суреттер мен дыбыстар бір-біріне сәйкес келе ме, соны табуларың керек. Педагог балаларға үй жануарлары мен жабайы аңдардың суреттерін көрсете отырып, дыбыстау ерекшеліктерін алмастырып қояды. Балалар суреттегі жануарға қарап отырып, дыбысы сәйкес келмесе, айтуы қажет. Оның дыбысы болмаса, сол жануардың дыбысын өзі салып көрсетеді.		Музыка "Наурыз көктем". Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне белсенділіктерін арттырушды пысықтау. <i>«Қамшы» ойыны.</i> Математика негіздері "Қонжықтар Наурызға дайындалады". Мақсаты. Балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы	"Арқан тарту" қимылды ойыны. Педагог: - Балалар, өткен оқу қызметінде Наурыз мерекесіне байланысты "Арқан тарту" ойынын ойнадық. Бір топтың күші аздау болып қалды. Сол топ бүгін қайтадан күшін сынамақшы. Ол үшін бәрін де күштерінді жинап, мықты болуларың керек. Ұл балалар, арқан тартуға дайынсындар ма? "Арқан тарту" ойынында педагог балаларды екі топқа бөліп, ортадан шекара сызығын бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, ортадағы арқанды тартулары тиіс. Қай топтың балалары арқанды өздеріне қарай тартып кетеді, сол топ жеңген болып есептеледі.	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Ыдыс-аяқ". Мақсаты. Балаларды ортасы төмен түскен доғалы сызықты сызып, үстіңгі екі шетін көлденең түзу сызық арқылы қосуға жаттықтыру, жасалған жарты дөңгелектің бір жағына, немесе екі жағына тағы да тіке жатқан доғаларды қосып, ыдыс-аяқтар үлгісін салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".</i> Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.

			түсінігін қалыптастыру, заттардың жуандығы жөніндегі білімін, жұп заттарды тұстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсініктерін тиянақтау; Наурыз мейрамына қатысты әдептілік ережелерін пысықтау. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Қонжықтарға бал берейік".</i> Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.		
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.		Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: “Түсті автокөліктер” (3-4 рет ойнатылады). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; жол ережесін білуге және оны сақтауға тәрбиелеу. Барысы: балалар алаңның бір жағында тұрады, екінші жағында автокөліктер тұрады. Балалар жолда ойнап жүреді. Автокөліктер келе жатқан кезде балалар орындарына бару керек. Орнына жете алмаған бала ойыннан шығады.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Педагог пен балалардың еркін тақырыпта әңгімелесулері.		Артикуляциялық жаттығулар.	"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру. Барысы: - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі.	"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу.		Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу.